

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Мұқағали мәңгілік ғұмыр»



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Мұқағали мәңгілік ғұмыр»

Мақсаты: Ақынның өмірін, өлеңдерінің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу, өлеңді мәнерлеп, жатқа оқуға дағдыландыру, отаншылдыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

I жүргізуші:

Болмаса егер ақиқаттан бөтені,
Айтылған сөз арлы адамға жетеді.
Туындысы дана менен дараның
Жүректе екен жайғасатын мекені.

II жүргізуші:

Жырыменен жүректерді тербеген,
Жан жарасын талайлардың емдеген.
Мөрі болған жиырмамыншы ғасырдың
Мұқағали сынды ақындар кемде кем.

I жүргізуші: «Барлығы да, Поэзия, сен үшін»,—деп әдебиет патшалығының ғажайып ханзадасы һәм бірегей сардары ретінде салтанат құрған Мұқағалидың құдіретті өлеңдері халқының жүрегінде. Шындығында, Мұқағали бойындағы тамаша талантын жұртына арнаған.

II жүргізуші: Ендеше, бүгінгі кешіміз Хантәңірінің мұзбалағы, ақиық ақын, тау тұлғалы талант, дарынды дарабоз, «Ғасыр ақыны» атанған, миллион сырлы сезімнің иесі – Мұқағали Мақатаевқа арналады. «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» атты сынып сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

I оқушы

Мұқағали Мақатаев Алматы облысы, Райымбек ауданында, Қарасаз ауылында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Мұқағалидің азан шақырып қойған толық аты – Мұхаметқали. «Пайғамбардың атын түгел айту балаға ауыр болады», - деп еркелетіп, қысқартып Мұқағали атап кеткен. Ақын 10 жасынан бастап өлең жаза бастайды.

II оқушы

Әкесі Сүлеймен Колхозда сушы, шалғышы болып істеген. шаруа адамы еді. 1941 ж. Желтоқсанда майданға аттанып, содан оралмады. Шешесі Нағиман да қарапайым шаруа адамы еді. Мұқағали отбасының тұңғышы болғандықтан оны әжесі Тиын өз бауырына салады. Тиын әже мейірімді, кісілігі мол, керек кезінде адуынды адам болған. Әже тәрбиесінде өскен Мұқағали шешесін өмір бойы «Нақа» деп атап кеткен.

III оқушы

Мұқағали 1949 жылдың көктем айында жары Лашынмен отау құрады. Ақынның Алмагүл, Шолпан, Ләззат атты қыздары, Жұлдыз, Айбар деген ұлдары бар. Майгүл атты қызы 10 жасында көлік апатынан қайтыс болған. Қазіргі таңда ақынның төрт немересі бар.

IV оқушы

Ақынның аз ғұмырында артына қалдырған жалынды жырлары, оқырманын тәнті еткен «Ильич», «Ақ қайың әні», «Ару-ана», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Өмірдастан», «Арман», «Шолпан», «Досыма хат», «Отаным, саған айтам», «Райымбек! Райымбек!», «Қашқын», «Моцарт. Жан азасы» т.б атты поэма-толғаулары бар.

I жүргізуші:

Ендігі кезекті бейнежазбаны тамашалайық. (Лед экран)

II жүргізуші:

Мұқағали жыры – күшті жыр. Сондықтан да, ол – ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын. Ер ақын дейтініміз – ол шындықты бүкпесіз бетке айтады. Ерен ақын дейтініміз – сөзі шырайлы, тілі қарапайым, тың өлеңдер жазды.

1- оқушы

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.
Түгін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадында ұста :
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!
Үш бірдей бақытым бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

2- оқушы

Мың құбылған қуаныштан, дерттерден,
Қиын не бар, адам жанын зерттеуден?
Мен келемін өз жанымды зерттеумен,
Бірде аяз, бірде жалын, өрт кеудем.
Арзан не бар ойнау менен күлуден,
Қымбат не бар, адам сырын білуден?
Мен әуремін, өз сырымды білумен,
Кеше бұзып, өкінемін бүгін мен,

Жылдарымды еске аламын бүлінген.
Адамдардың жаны менен жүрегін,
Ойлайтын ем, бір кісідей білемін...
Ажырата алмай шуақ, түнегін,
Танығанға мәз болыппын іреңін.
Ертең басқа, бүгін жақсы көргенім,
Өз көзіме өзім,
Ғажап!
Сенбедім.
Кесерткідей ауыстырған ендерін,
Түсінбеймін қылығына пенденің.
Жылдар бойы бірге жүріп, бір күлген,
Жақыныңның жат боларын кім білген.
Адамдарды зерттей алмай жүрмін мен,
Оны зерттеу мүмкін емес, білдім мен...

3- оқушы

Не сыйлайды, не береді келер күн?!
Не де болса, тірі тұрсам, көрермін.
Желідегі құлынымын мен елдің,
Көгендегі қозысымын мен елдің.
Не сыйласын, несін берсін ел маған?!
Тұрсақ екен **елім** де аман, мен де аман.
Таулар — менің таусылмайтын бақытым,
Ал ырысым — ұланғайыр кең далам.
Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты,
Оларды іздеп өткізбеспін уақытты.
Мен бақытсыз бола қойман сірә да,
Туған **елім** болса екен бақытты!
Дәнеңе де сыйламасын келер күн,
Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.
Туған **елім** тұғырында тұрса екен,
Әрі қарай... Әрі қарай көрермін...

4- оқушы

Ғашықпын! Шын ғашықпын сол адамға!
Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба?!
О, тәңірім! Неткен жан қайрылмайтын!
Жүрегі еттен бе әлде қоладан ба?!
Ғашықпын. Қайтіп оны жасыра алам,
Бір алтын оның әр тал шашы маған.
Сағынайын, таусыла сағынайын,
Сағынышқа жаралған ғашық адам.
Шарықтап, қолым жетпес көкте Күнге,
Ақ қанат құсым менің кеткенің бе?
Шарқ ұрып бар ғаламды шыр айналып,
Мәңгілік сені іздеумен өткенім бе?
Сарғайған сағынышты басып толық
Бар үміт, бар сенімді шашып болып
Өтермін сірә да мен бұл өмірден

Мәңгілік қалармын мен ғашық болып.

5- оқушы

Жүрегіме жүк артып жүргенімде,
Қажыдың ба, байғұсым, білмедім бе?
Шайпау тиіп, шаршатып кім көрінген,
Уландың ба, білмеймін кірледің бе?
Бары ақиқат бір дерттің жүрегімде,
Дәрігер-ау, арқалап жүремін бе?
Сорлайтындай соншама кім едім мен,
Неге аяныш атасың іреңіңнен?
Айтып өлтір, қайтесің босқа ойланып,
Жүрек дерті өлімге бастай ма анық?
Адасам ба өмірден жастай қалып?
Ет жүрегім кете ме тасқа айналып?
Неге айтпайсың, тұрғанша босқа ойланып.
Пері соққан пендедей есі жарым,
Тамырымда тулайды есіл ағын.
Бұл жүректің білмеймін несін алдым,
Несі жоғын білмеймін, несі барын?
Қаным қайнап барады, қаным қайнап,
Бір амал тап, дәрігер, халімді ойлап.
Алауыртқан ақынның қолын байлап,
Әкетпесін ажал кеп, өлімге айдап.

6- оқушы

Шеше, сен Бақыттысың
Шеше,
Сен бақыттысың!
Жыламағын.
Жай түсіп жатқанда да құламадың.
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,
Сондықтан жыламағын, жыламағын!
Бармын ғой,
Тірімін ғой,
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзіндей асылданмын!
Таусылып, өз - өзіңнен шашылмағын,
Байырғы берекеңді қашырмағын!
Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа,
Өзім кепіл тот басып тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап,
"Шеше" деп жаздым ылғи сөз басына.
(Тәңірім кеше гөрсін кесірімді.)
Аспанға жазам сенің есіміңді!!!
Шеше!
Сен бақыттысың, тербете бер,
Құба талдан иілген бесігімді...

7- оқушы

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан!
Отан!
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен...

8- оқушы

Поэзия! менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таулардан сені іздедім.
Сені іздедім кездескен адамдардан,
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.
Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,
Сені іздедім жоғалған замандардан.
Сені іздедім досымнан, қасымнан да,
Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да,
Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,
Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда,
Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.
Махаббаттан іздедім, сағыныштан,
Арманымнан іздедім алып ұшқан!
Сәттерімнен іздедім жаңылысқан,
Сені іздедім жадырау, жабығыстан.
Сені іздедім зеңбірек гүрсілінен,
Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.
Қуаныштан, түршігу-күрсінуден,
Жүректердің іздедім дүрсілінен.
Сені іздедім сезімге у шараптан да,
Минуттерден іздедім, сағаттан да,
Сені іздедім.
Іздеймін тағат бар ма?
Сені маған егіз ғып жаратқан ба?!

II жүргізуші:

Ендігі кезекте кім жүйрік айдары. Сұрақ-жауап әдісі

1. Мұқағалидың шын есімі? (Мұқамедқали)
2. Мұқағали дүниеге келген ауыл? (Райымбек ауданы Қарасаз ауылы)
3. Мұқағалидың анасының есімі? (Нағима)
4. Мұқағалидың қандай әндерін білесің?

5. Мұқағали өмір сүрген жылдар? (1931-1976 ж.)
6. Мұқағалидың қандай өлеңі саған ұнайды?
7. Мұқағалидың туған күні? (9 ақпан)
8. Мұқағалидың әжесінің аты? (Тиын)
9. Мұқағалидың әкесінің есімі? (Сүлеймен)
10. Мұқағалидың балаларының есімі? (Алмагүл, Шолпан, Ләззат атты қыздары, Жұлдыз, Айбар деген ұлдары бар)
11. Мұқағали неше жасында өлең шығарды? (10 жаста)
12. Мұқағалидің жарының есімін ата? (Лашын)

I жүргізуші: Ендеше Сәби-ана көрінісіне кезек берсек.

II жүргізуші:

Мыңдаған талантты сазгерлер Мұқағалидың мұңды, сырлы, сан қырлы жырларын жаттап, әуен - ән іздеп шарқ ұрды, шабыт шақырды. Оның оттай ыстық өлеңдері өз - өзінен әнге, толғауға, термеге сұранып тұратын. Самалдай желпіп маңдайдан сипайтын, жанға ләззат құятын, көкірек көзіңді майдай ашатын ән - әуез – әрқашан да өмір - серік, жанға қуат, рухани азық. (Лед экранға назар аударсақ.)

I жүргізуші:

Ендеше бәріміз Мұқағали Мақатаев ағамыздың сөзіне жазылған, әнін шығарған композитор Бақытғали Жұмалин «Бақыт деген» әнін бәріміз шырқасақ.

II жүргізуші:

Тірісінде сый көрмей кеткен ақын,
Тек өлген соң атағын жайған ақын.
Ежелден қазақтың бұл қасіреті –
Бармағын тістеп кейін ойланатын.
Күн сүйіп кереқарыс маңдайынан,
Лағыл жырлар төгілген таңдайынан.
Барында бағаламай, білдік кейін
Қазақтың айрылғанын қандай ұлан?!

I жүргізуші:

Осымен Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» атты сынып сағатымыз өз мәресіне жетті, Әрқашан жүректеріңізді ән әуелеп, жандарыңызды жыр тербесін.

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы
Мұқағали Мақатаевтың 93 жылдығына орай өткізілген іс-шараның**

АНЫҚЗТАМАСЫ

Кештің мақсаты: Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау.

М.Мақатаевтың поэзиясының халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, сезіндіру, шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін, ақынның сөзіне жазылған әндері көпшілік назарына ұсыну. Ақынның туындылары арқылы оқушыларды әсемдікке, ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.

Мектебімізде ақпанның 26 күні мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың 93 жылдығына арналған тәрбие кабинетінің ұйымдастыруымен «Әр өлеңі –бір әлем» атты әдеби сазды кеші өтті. Кеш барысында өнерлі оқушылар өз шығармашылығымен көрермендердің ерекше ықыласына бөленіп, ақынның әсем әндері мен сыршыл поэзиясын тарту етті. Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған Мақатаевтың өлеңдерін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә? Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол тек поэзия. Бір күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмырында қазақтың ұлы ақыны М.Мақатаев ұланғайыр мұра қалдырып кетті. Жыр кешінде өмірге іңкәр, өмірді жырлап өткен сыршыл да сезімтал ақын туралы сыр шертіліп, оқушылар Мұқағали әлеміндегі өлең атты құдіреті мұқитқа сапар шекті. Ақынның жыр кеші қазақ тілі пән мұғалімі Л.Назарованың жетекшілігімен 5 «Ә» сынып оқушылары ақынның лирикалық өлеңдерінен көркем сөз оқудан басталды.

Одан әрі «Өмірге шуақ төккен өлеңменен» атты ақиық ақынымыздың өмір мен шығармашылық жолдарынан лед экранда бейне-ролик көрсетілді.

Ақын өз өмірінде жетімдердің мұң-мұқтажын жырлай отырып, «Жетімдер бұрышы», «Жетім болса жетілер», «Жетімдер үні» атты өлеңдер жазды. Осы өлеңдер арқылы ақынның бұл тақырыпта айналып өтпегенін байқауға болады. Ақынның «Жетімдер үні» өлең жолдарынан керемет қойылым көрсетті.

Сонымен қатар ақын қысқа ғұмырында өзі жайында жазған «Жоқ дәрігер» монологын мектебіміздің пелагог ұйымдастырушысы Ж.Кукееваның жетекшілігімен 5 сынып оқушылары сахналық көрініс қойылды.

Кешке қатысқан барлық талантты оқушыларымызға және ұйымдастырушы ұстаздарымызға алғысымызды білдіреміз.

Мұқағали - мәңгілік өмір! Ақын мұрасы, маржан поэзиясы болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін мұрасы, ақын көкірегінен буырқана ағылған жыр жанар таулары өлеңқұмар халыққа таусылмайтын сый, мол қазына бола бермек.

